

Н. Абдуллаев^{1*}, Р. Сарсембаев¹, Р. Бичер²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

²Сакаря Университеті, Сакаря, Түркия

*e-mail: nurzhan_kydyrali1985@mail.ru

ҚАЗІРГІ ӘЛЕМДЕГІ ДІНАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ ҚОЛДАУ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ДІНИ ҰЙЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕЛУІ

Бұл мақалада қазіргі әлемдегі дінаралық диалогты қолдау механизмдері мен діни ұйымдардың халықаралық құқықтық реттелуі зерттеу пәніне алынды. Мақала дінаралық диалогтың әртүрлі нысандарын, құқықтық, теологиялық және әлеуметтік-мәдени аспектілерін талдай отырып, оның халықаралық құқықтық кеңістіктегі модельдерінің ерекшеліктерін, Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) және Еуропа Кеңесі қабылдаған декларациялар мен конвенциялардың үйлесімді аспектілерін зерттейді. Авторлар мемлекет пен діни ұйымдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеудің құқықтық тетіктерін, олардың бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етудегі маңызын зерделейді. Сонымен қоса мемлекеттер ішіндегі құқықтың реттелуіне, батыстық мемлекеттерді мысалға ала отырып салыстырмалы баға беріледі. Салыстырмалы зерттеу шеңберінде Қазақстандағы дінаралық диалогты қалыптастыруға бағытталған заңнамалық нормалар талданады. Ғылыми зерттеудің негізгі мақсаты ар-ождан бостандығы мен қоғамдық тәртіп арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз етудегі халықаралық және отандық тәжірибедегі құқықтық құралдарды бағалауға бағытталған. Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізін салыстырмалы талдау, контент-талдау және тарихи талдау әдістері құрайды. Осы әдіснамалық тәсіл арқылы ұлттық және халықаралық деңгейдегі нормативті құқықтық актілер мен саяси бағдарламалар сарапталған. Мақаланың нәтижелері ретінде дінаралық қатынастардағы диалогты қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері, әлеуметтік, мәдени факторлармен сабақтасатыны анықталды. Талдау нәтижелерінің теориялық маңыздылығы дінаралық диалогтың құқықтық негіздері әртүрлі мемлекеттегі әлеуметтік-мәдени контекстімен ажырамас байланыста қалыптасатыны туралы тұжырымды дәйектейді.

Түйін сөздер: мемлекет, дінаралық диалог, конвенция, декларация, құқық.

N. Abdullayev^{1*}, R. Sarsembayev¹, R. Bicer²

¹Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

²Sakarya University, Sakarya, Turkey

*e-mail: nurzhan_kydyrali1985@mail.ru

Mechanisms of supporting interreligious dialogue in the modern world and international legal regulation of religious organizations

This article examines the mechanisms for supporting interreligious dialogue in the modern world and the international legal regulation of religious organizations. The study analyzes various forms of interreligious dialogue, exploring its legal, theological, and sociocultural aspects, as well as the distinctive features of its models within the international legal framework. The paper also investigates the harmonized provisions of the declarations and conventions adopted by the United Nations (UN) and the Council of Europe. The authors study the legal mechanisms governing the relationship between the state and religious organizations and their role in ensuring peace and harmony. In addition, a comparative assessment is provided of the internal legal regulation of religion in different countries, using Western states as examples. Within the framework of comparative analysis, the article examines legislative norms aimed at fostering interreligious dialogue in Kazakhstan. The main purpose of the research is to evaluate the legal instruments used in international and domestic practice to ensure a balance between freedom of conscience and public order. The methodological basis of the study includes comparative analysis, content analysis, and historical analysis. Using these methodological approaches, the study examines normative legal acts and political programs at both national and international levels. The results reveal the legal mechanisms that support dialogue in interreligious relations and highlight their interconnection with social and cultural factors. The theoretical significance of the findings lies in the conclusion that the legal foundations of interreligious dialogue are formed in an inseparable relationship with the socio-cultural context of each state.

Keywords: state, interreligious dialogue, convention, declaration, law.

Н. Абдуллаев^{1*}, Р. Сарсембаев¹, Р. Бичер²

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

²Университет Сакаря, Сакаря, Турция

*e-mail: nurzhan_kydyrali1985@mail.ru

Механизмы поддержки межрелигиозного диалога в современном мире и международно-правовое регулирование религиозных организаций

В данной статье предметом исследования стали механизмы поддержки межрелигиозного диалога в современном мире и международно-правовое регулирование деятельности религиозных организаций. В работе рассматриваются различные формы межрелигиозного диалога, его правовые, теологические и социокультурные аспекты, а также особенности моделей, существующих в международно-правовом пространстве. Анализируются согласованные положения деклараций и конвенций, принятых Организацией Объединённых Наций (ООН) и Советом Европы. Авторы исследуют правовые механизмы регулирования взаимоотношений между государством и религиозными организациями, а также их роль в обеспечении мира и согласия. Кроме того, даётся сравнительная оценка правового регулирования внутри отдельных государств на примере западных стран. В рамках сравнительного исследования анализируются законодательные нормы, направленные на формирование межрелигиозного диалога в Казахстане. Основная цель научного исследования — оценить правовые инструменты, применяемые в международной и национальной практике для обеспечения равновесия между свободой совести и общественным порядком. Методологическую основу исследования составляют методы сравнительного анализа, контент-анализа и исторического анализа. С помощью данных подходов проведён анализ нормативно-правовых актов и политических программ на национальном и международном уровнях. В качестве результатов определены правовые механизмы обеспечения диалога в межрелигиозных отношениях, выявлена их взаимосвязь с социальными и культурными факторами. Теоретическая значимость анализа заключается в выводе о том, что правовые основы межрелигиозного диалога формируются в неразрывной связи с социально-культурным контекстом различных государств.

Ключевые слова: государство, межрелигиозный диалог, конвенция, декларация, право.

Кіріспе

Дін мен қоғам арасындағы байланыс тарихта барлық кезеңдерде кездеседі. Қоғамдық өмірдегі мәселелердің шешімін іздестіру, адам табиғатының онтологиялық шындығына келеді. Сонымен қоса тарихта әрбір қоғамда дін мен қоғамды басқаруда екеуінің байланысқанын көреміз.

Дін-тарихта әрбір қоғамда өз ізін қалдырғанын және қоғамдық өмірге әсер етуші бір күш екенін, адамзатқа оның ықпалын байқауға болады. Әрбір мәдениеттің белгілі бір діни аспектілері мен діни мүмкіндіктері бар. Дін саласын зерттеу барысында тарихта өткен діндердің көптігі және әрбірінің өзіндік сенім дәстүрі мен рәсімдерінің әртүрлілігі анықталады.

Дінаралық диалог бізге адам құқықтарын қорғау мен жүзеге асырудың бірегей тетіктерін ұсынады. Халықаралық адам құқықтары жөніндегі заңдар дінаралық диалогты жүзеге асыруда бірнеше тәжірибені қамтиды. Бұның ішіне түрлі демонстарциялар, ақпараттық науқандарды, белгілі бір құқықтық нормаларды ратификациялар бойынша лоббилік науқандарды пайдалану, білім беру бағдарламаларының жүзеге асырылуы, әртүрлі декларациялар және т.б. бар. Осы секілді іс-шаралар дінаралық диалогты халықа-

ралық және жергілікті деңгейде әрекет ететін азаматтық қоғам құбылысы ретінде анықтайды. Жалпы мемлекет пен дін қарым-қатынасын қарастыру барысында халықаралық адам құқықтарына қатысты заңдарда дінге қатысты, адамның наным сеніміне байланысты да бөлімдердің қамтылып өткенін көреміз. Бұл халықаралық заңдармен қатар, әрбір мемлекеттің ішкі заңдары да қатар жүреді. Осыған орай мемлекет пен діннің қарымқатынасында әр мемлекеттің өзіндік ұсатнымын немесе моделін көруге болады.

Мемлекет пен діннің арақатынасы сан ғасырлар бойы зерттеліп келеді. Уақыт өте келе бұл қарым-қатынас туралы көзқарастар өзгере түсті. Мемлекет пен діннің қарым-қатынасын орта ғасырлардан бері талқылап келе жатырған еуропалықтар болды. Христиан дінінің мемлекеттегі орнын анықтау алғашқы шешілуі керек мәселелер қатарында тұрды. Осы тұрғыда тарихта мемлекеттің дінге қатысты ұстанымы әрқилы талқылаулардан өтті. Бұл кезеңдер нәтижесі мемлекет пен діннің бөлінуіне және заңның үстемдік етуіне алып келді. Мемлекеттік конституцияның зайырлылығына алып барды. Дінге қатысты ұстанымдары еуропалықтарда әр-түрлі болса да, жалпы конституцияның діни негізі жойылды (Дорская, 2016: 19-23).

Мемлекет пен діни ұйымдардың өзара әрекеттесуі әлеуметтік реттеудің маңызды және күрделі аспектілеріне жатады. Конфессиялардың, діни дәстүрлердің және саяси жүйелердің әртүрлілігі жағдайында діни бірлестіктер мен мемлекет арасындағы байланысты нақтылауға қажеттілік туындайды.

Бұл қатынастарды халықаралық және әрбір мемлекеттің ішкі реттеуі, кейбір қақтығыстардың болдырмауды, адам құқықтарын, бостандықтарын қорғауға, сонымен қатар қоғамдағы зайырлылық қағидаттарын сақтауға бағытталады.

Халықаралық аренада адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, азаматтық және саяси құқықтар туралы болып келеді. Оның ішінде ар – ождан және дін бостандығына бағытталған құжаттар басты рөлді атқарады. Сонымен қоса мемлекеттердің ішкі құқықтық, мәдени және тарихи дәстүрлерінің де тұрақтылығына осы заңдар және мемлекеттің ішкі заңдарының әсері болады.

Бұл мақалада халықаралық және ұлттық деңгейде мемлекет пен діни ұйымдардың өзара іс-әрекетін құқықтық негіздерін талдау мен дінаралық диалогқа басты назар аударылды. Мемлекеттік саясат пен қоғамдық тіртіпті қамтамасыз етуде дінаралық диалогқа ерекше мән беріледі.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсат-міндеттері

«Қазіргі әлемдегі дінаралық диалогты қолдау механизмдері мен діни ұйымдардың құқықтық реттелуі» тақырыбы діни әртүрлілік, жаһандану және конфессияаралық қақтығыстар санының көбеюі нақты құқықтық реттеуді қажет ететін заманауи әлемде өзекті болып табылады. Ар-ождан бостандығы, азаматтардың құқықтары мен қоғамдық тәртіпті сақтау, мемлекеттер ішінде жауапты іс-әрекет болып есептеледі.

БҰҰ, Еуропа Кеңесі және ЕҚЫҰ сияқты халықаралық ұйымдар діни құқықтарды қорғауға бағытталған стандарттарды белсенді түрде әзірлеуде, бұл олардың ұлттық заңнамаға әсерін түсіну үшін осы стандарттарды талдауды қажет етеді. Тақырыпты тандау да оның пәнаралық сипатына байланысты: ол тек құқықтық аспектілерді ғана емес, сонымен бірге социологиялық, саяси және мәдени мәселелерді де қозғайды. Бұл халықаралық ұйымдардағы бекітілген жалпы заңдарда дінаралық диалогтың орнатылуын көздейтіндігі көрінеді.

Мақаланың мақсаты – дінаралық диалогты қолдау тетіктері мен діни ұйымдардың қызметін халықаралық және ішкі реттеу ерекшеліктерін зерделеу, проблемалық бағыттарды анықтау және мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара іс-қимылының құқықтық тетіктерін жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу.

Мақаланың міндеттеріне – діни ұйымдардың құқықтары мен бостандықтарын реттейтін халықаралық ережелер мен келісімдерге талдау жасау;

Әртүрлі елдердегі діни ұйымдардың қызметін олардың саяси-құқықтық жүйелерін ескере отырып реттеу ерекшеліктерін зерттеу және дінаралық диалогқа әсерін қарастыру;

Мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара әрекеттесу процесінде туындайтын негізгі қиындықтар мен қақтығыстарды анықтау;

Ар-ождан және дін бостандығын қорғаудың қолданыстағы тетіктерінің тиімділігін қарастыру болып табылады.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаладағы аналитикалық әдістеме, заңнамалық актілерді, халықаралық келісімдерді, діни ұйымдардың қызметін халықаралық және ұлттық деңгейде реттейтін нормативтік құқықтық актілерді зерделеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттің конституциясы, халықаралық декларациялар мен конвенциялар сияқты негізгі құқықтық нормалардың мазмұны талданды. Сонымен қоса салыстырмалы әдістеме пайдаланылды. Бұл әдістемеді әртүрлі елдердегі құқықтық салыстырулар қолға алынды. Мысалы: зайырлы елдер мен діни бекітілген елдердегі діни еркіндік пен үкіметтік бақылау тәсілдері салыстырмалы қарастырылды. Тарихи әдістеме – мемлекет пен діни ұйымдардың тарихи дамуы қарастырылды. Заңдар мен әлеуметтік нормалардың эволюциясы, заманауи тәсілдерге қалай әсер ететіндігін түсінуге мүмкіндік береді. Сонымен қоса жүйелік әдістеме, салыстырмалы социологиялық әдістеме, құқықтық талдау әдістемесі де осы мақалада қолданылды.

Негізгі бөлім

Дінаралық диалогтың әдеттен тыс сипатын анықтау мақсатында дінаралық диалогтың не екендігінен бастаған жөн болады. Дінаралық диалог әртүрлі формаларда көрініс табады. Оның ішінде экономика, саясат, мәдениет, қо-

ғамдық өмірдің сан саласында іске асып, әлеуметтік тұрақтылықтың негізі ретінде маңызы рөл атқарады (Рысбекова, Дүйсенбаева, 2018: 31-38). «Дінаралық диалогтың» келісілген анықтамасы болмағандықтан, бұл ұғым әртүрлі қызмет түрлерін қамтитын қолшатыр термині ретінде пайдаланылады. «Дінаралық диалог» термині мақсаттары, өзара әрекеттесу принциптері және жүзеге асыру нысандары бойынша айтарлықтай ерекшеленетін әртүрлі дінді ұстанушылар арасындағы байланыстарды (контакт), қарым-қатынастарды білдіруі мүмкін. Жалпы дінаралық диалогтың әртүрлі түрлерін сипаттай отырып, оларды бөліп қарастыратын зерттеушілерде кездеседі. Оны екі салаға бөліп көрсетеді: «теологиялық» және «шартты». Олардың біріншісінде өзара әрекеттестік әртүрлі доктриналық тақырыптарды, діни тәжірибе мен рухани өмір мәселелерін талқылау төңірегінде құрылады. Бұл сала, дінаралық диалогтың полемикалық және когнитивтік түрлерін қамтиды. Полемикалық диалог діни дүниетанымдардың ақиқаттығы, өз сенімінің артықшылықтарын көрсетуге ұмтылу және прозелитизм туралы дауларды қамтиды. Когнитивтік диалог адамның басқаны білуге деген табиғи ынтасына негізделген. Оны діни дүниетанымның әртүрлі аспектілерін зерттеу мен салыстыру («теологиялық диалог»), басқа дінмен жақын танысу, оның рухани тәжірибесін «байыту», «тұлғалық және рухани өсу» мақсатында пайдалануға қол жеткізу т.б. жатады.

«Шартты» саладағы диалог әртүрлі дінге сенушілердің бейбітшілік пен үйлесімді бірлескен өмірін қолдауға бағытталған. Қазіргі әлемнің діни әртүрлілігі, өзара тәуелділігі мен өзара байланысының жоғары дәрежесі жағдайында бұл міндеттің өзектілігі айқын. Дінаралық диалог осы тұрғыда қоғамдық бейбітшілік пен келісімді сақтаудың, түрлі дінді ұстанатындардың қатар өмір сүруіне қатысты түрлі практикалық мәселелерді шешудің құралы ретінде қарастырылады (Мельник, 2020: 217-227).

Дінаралық диалогты түсіндіруде кең мағынада адамдар қатысатын диалогтың мынадай түрлерінің барын және оларды былай сипаттайды: парламенттік диалог, институттық диалог, теологиялық диалог, қауымдастық диалогы, рухани диалог және ішкі диалог. Бірақ дінаралық диалогтың мақсаты діндерді өзара мемлекет ішінде немесе әлемдік деңгейде бір сұқбаттастыққа шақыру ретінде түсіндіріледі. Конфессияаралық қатынас адам құқықтарын жүзеге асырудың баламалы жолын ұсынады. Адам құқықтарын іл-

герілету және дінаралық ынтымақтастықтың рөлін бірнеше түрлі жолдармен зерттеуге болады. Діннің қоғамды адамгершілікке шақырудағы рөлінің де ықпалы байқалады. Конфессияаралық қатынастарды реттеуде халықаралық құқықтың орны да ерекше белгіленеді. Дінаралық диалогтың қазіргі жаһандану кезеңінде, байланыс коммуникациясының қарқынды өсуі нәтижесі бұл мәселенің оң нәтижелі шешілуі үлкен сұранысқа ие болып келеді. Бұрынғы кезеңде әрбір дін өз территориясында өмір сүрсе, қазіргі кезде бұл жағдай мүлдем басқаша өзгеріс алды. Дінаралық диалогқа қатысты қазіргі зерттеушілер бұл байланысты кеңейту керектігін, алдыңғы сызбаның радикалды түбегейлі өзгеру керектігін алдыға тартады (Sazonova, 2010: 170-181).

Халықаралық қатынаста діни құқықтық байланыстың орны ерекшеленеді. Діни бірлестіктердің бір-бірімен байланысуында діни құқықтық қатынастың маңызы зор. Қазіргі халықаралық құқықтық реттеудің негізінде, діни ұйымдарға қатысты діни сенім бостандығы мен діни қызмет бостандығы құқығының мемлекеттерге бекітілгендігі жатыр. Бұл құқық БҰҰ (1945 жылы) сияқты халықаралық құқықтық құжатта бекітілді (Борисов, 2021: 268-274).

БҰҰ –да бекітілген заңдар немесе құжаттар әрқашан басқа заңдар алдында жоғары тұратыны аталып өтіледі. БҰҰ мемлекет пен дінге қатысты бекітілген құжаттардағы бірнеше декларацияларды атап өтуге болады. Олар:

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (АҚЖД). Қабылданған кезеңі БҰҰ Бас Ассамблеясының 1948 жылғы 10 желтоқсандағы 217 А (III) қарарымен бекітілді.

Бұл құжат алғашқы бекітілген құжат болып есептеледі. Сонымен қоса кейінгі құжаттарда осы құжатты басшылыққа ала отырып, бекітілетіні айқындалады. Құжаттың кіріспе бөлімінде: адам және оның отбасының барлық мүшелеріне тән қадір-қасиетті сақтауды, олардың бірдей тең құқықтарын мойындауды, бостандықтың, әділеттіліктің, сонымен қоса жалпыға ортақ бейбітшіліктің негізі болып табылатындығы айтылып өтіледі. Адам құқықтарына немқұрайлы қарау және менсінбеу, адамзаттың ар-ожданына нұқсан келтіретін айуандық әрекеттерге әкеп соқтыру және адамдардың сөз және сенім бостандығына зиян келтіруге тиым салынатыны аталып өтіледі. Адамның езгіге қарсы көтеріліске соңғы шара ретінде жүгінуге мәжбүр болмауын қамтамасыз ету үшін, адам құқықтары заң күшімен қорғалуы тиіс екендігі, халықтар арасындағы

достық қатынастарды дамытуға жәрдемдесу қажет екендігі жайында баяндалады.

Біріккен Ұлттар Ұйымының халықаралық жарғысында адамның негізгі құқықтары, адамның қадір-қасиеті мен құндылығы, ерлер мен әйелдердің теңдігі аталуымен қатар, осы тұрғыда әлеуметтік прогресті ілгерілетуге және өмір сүру жағдайларын жақсартуға шешім қабылдайды. Әрі қарай мүше мемлекеттердің Біріккен Ұлттар Ұйымымен бірлесе отырып, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын жалпыға бірдей құрметтеуге және құрметтеуге жәрдемдесуге міндеттенгендігін және осы құқықтар мен бостандықтардың сипатын жалпыға бірдей түсінуді, әрі осы міндеттемені толығымен орындаудың орасан зор маңызы бар екендігін атап өтеді.

Бас Ассамблея : адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясын бүкіл халықтар мен мемлекеттердің ұмтылыстары арқылы әр адаммен қатар, қоғамның әр органы осы декларацияны үнемі жадында тұтып, білім беру және ағарту жұмыстары арқылы осы құқықтар мен бостандықтарды қадір тұтуға ықпал жасап, ұлттық халықаралық шаралар арқылы Ұйымның мүше-мемлекеттерінің халықтарымен қоса, олардың юрисдикциясына қарасты территориялардың халықтары арасында да, жалпыға бірдей тиімді түрде танылып, жүзеге асырылуы үшін алға қойылған мақсат ретінде жариялайды – деп келтіреді. Бұл құжатта мемлекет пен діни қарым-қатынас бойынша 1-2 баптарда ашық түрде көрсетіледі:

1-бап. Барлық адамдар еркін және қадір-қасиеті мен құқықтары бойынша тең болып туылады. Олар парасаттылық пен ар-ожданға ие және бір-біріне бауырластық рухында қарым-қатынас жасауы керек.

2-бап. Әрбір адам нәсіліне, түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де наным-сенімдеріне, ұлттық немесе әлеуметтік тегіне, мүлкіне қатысты қандай да бір айырмашылықсыз осы декларацияда жарияланған барлық құқықтар мен бостандықтарға ие болуы керек деп келтіріледі (БҰҰ, 1948).

АҚЖД адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын, соның ішінде ой, ар-ождан және дін бостандығын 18-бапта да бекітеді. Бұл құжат халықаралық құқықтың негізгі негізі болып табылады және дінге байланысты кемсітушілікке жол берілмейтінін көрсетеді. Дінаралық диалог контекстінде АҚЖД әр діннің немесе нанымның басқа діндермен тең дәрежеде құрметтелуі қажет екенін айқындайды.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт (АСКХП) – Бас Ассамблеяның 1966 жылы 16 желтоқсанда 2200 А (XXI) қарарымен қабылданды.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына сәйкес мемлекеттер, адам құқықтары мен бостандықтарын жалпыға бірдей құрметтеуге міндетті екендігін бекітеді. Бұл конвенцияда мемлекет пен дінге қатысты 18-ші бапта аталып өтіледі. Осы бап төрт тармақтан тұрады.

1-тармақ. Әркімнің ой, ар-ождан және дін бостандығына құқығы бар. Бұл құқық өз қалауы бойынша дінге немесе нанымға ие болу немесе оны қабылдау бостандығын, сондай-ақ өз діні мен нанымдарын жеке және басқалармен бірлесе отырып, қоғамдық немесе жеке тәртіпте, ғибадат етуде, діни және ғұрыптық рәсімдерді орындауда және ілімде ұстану бостандығын қамтиды.

2-тармақ. Ешкімді өз қалауы бойынша дінге немесе нанымға ие болу немесе оны қабылдау бостандығына нұқсан келтіретіндей мәжбүрлеуге болмайды.

3-тармақ. Дінді немесе нанымды ұстану бостандығы тек заңмен белгіленген және қоғамдық қауіпсіздікті, тәртіпті, денсаулық пен имандылықты, сондай-ақ басқа адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті шектеулерге бағынады.

4-тармақ. Осы Пактіге қатысушы мемлекеттер ата-аналарының және тиісті жағдайларда заңды өкілдерінің бостандығын құрметтеуге, өз балаларын өз нанымдарына сәйкес діни және адамгершілік тәрбиесін қамтамасыз етуге міндеттенетіні аталып өтіледі (БҰҰ, 1966). Бұл пактіде көрсетілгендей адам құқықтары жалпыға бірдей қорғалатындығы нақтыланады.

Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт АҚЖД ережелерін нақтылап, мемлекеттердің дін бостандығын қамтамасыз ету бойынша құқықтық міндеттерін бекітеді. Бұл құжат дінге байланысты кемсітушілікті болдырмауға және дінаралық диалог үшін жағдай жасауға ықпал етеді.

Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы конвенция – Рим қаласы, 4.XI.1950 жылғы конвенция – Адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық конвенция болып, 2010 жылғы 1 маусымда күшіне енген No11 және No14 хаттамалармен өзгертілген және толықтырылды. Бұл конвенцияға қол қойып келіскен мемлекеттер, Еуропа кеңесінің мүшелері болып табылады.

(Компас, Конвенция. 2010). Бұл конвенцияның 9-бабында, дінге қатысты, ар-ождан, дін ботандығы айтылып өтіледі. 9-баб: Әркімнің ойлау, ар-ождан және дін ботандығына құқығы бар. Бұл құқыққа өз дінін немесе наным-сенімін өзгерту ботандығы және өз дінін немесе наным-сенімін жеке, сондай-ақ басқалармен бірлесе отырып, ғибадат етуде, оқытуда, діни рәсімдерді орындауда жария немесе жеке тәртіппен ұстану ботандығы кіреді (Компас, 2010). Бұл бапта әр адамның ой, ар-ождан және дін ботандығына құқығы бар екені көрсетілген. Конвенция діндер арасындағы әртүрлілікті қорғауға және ынтымақтастықты қолдауға бағытталған.

Дінге немесе нанымға негізделген төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы декларация – 1981 жылы 25 қарашада Бас ассамблеяның 36/55 қаулысымен қабылданды. Бұл декларация толқытай дінге немесе наным сенімге негізделген төзімсіздік, кемсітушілік пен бөлінушіліктің барлық түрін қамтып өтеді. Бұл бойынша нақты заңдардың қабылдануын қарастырады. Сонымен қоса БҰҰ өздеріне мүше елдерде, бұл заңдардың сақталуын міндеттейді. Бұл декларация, дін мен наным сенім ботандығы мәселелерінде түсіністіктің, төзімділіктің, бірін-бірі құрметтеуде жәрдемдесудің маңызды екенін атап өтеді. Декларацияға қарсы бағытталған әрекеттерге жол бермеу керектігін басып айтады. Декларацияның өзі 8-бабтан тұрады (БҰҰ, 1981). Бұл декларация діни айырмашылықтарға негізделген кемсітушілік пен төзімсіздікті жою қажеттілігін атап көрсетеді. Ол мемлекеттерді діни наным ботандығын қорғауға және барлық діни топтардың тең дәрежеде өзара әрекеттесуіне жағдай жасауға шақырады. Дінаралық диалог контекстінде декларация өзара құрмет пен теңдікті алға жылжытудың негізі болып табылады.

Бала құқықтары туралы конвенция – 1989 жылы 20 қарашада Бас Ассамблеяның 44/25 қаулысымен қабылданды. Бұл конвенцияда, жоғарыда келтірілген декрацияларда атап өтілгендей, барлық балалардың ерекше қамқорлық пен көмекке құқығы бар екендігі жарияланады. Балалардың өсіп өркендеуі, табиғи ортамен қамтамасыз етілуі және отбасылық ортада сүйіспеншілік пен бақытқа бөленіп өсуі қажет екендігі айтылады. Бұл конвенцияның 14 бабының 1-тармағында: қатысушы мемлекеттер баланың ойлау, ар-ождан және дін ботандығына құқығын құрметтейді. 2-тармағында: қатысушы мемлекеттер ата-аналардың және тиісті жағдайларда заңды өкілдерінің баланың құқықтарын,

баланың дамып келе жатқан қабілеттеріне сәйкес әдісті қолдана отырып, жүзеге асыруына басшылық ету құқықтары мен міндеттерін құрметтейді. 3-тармағында: өз дінін немесе нанымын уағыздау ботандығы заңмен белгіленген және мемлекеттік қауіпсіздікті, қоғамдық тәртіпті, адамгершілік пен халықтың денсаулығын қорғау немесе басқа да адамдардың негізгі құқықтары мен ботандықтарын қорғау үшін ғана қажетті шектеулер қойылуы мүмкін – деп келтіріледі.

Нәтижелері мен талқылама

Бала құқықтары туралы конвенцияның дінаралық диалог тұрғысынан маңызы ерекше, өйткені ол балалардың құқықтарын, оның ішінде діни ботандыққа деген құқықтарын қорғайтын негізгі халықаралық құжат болып табылады. Бұл құжат діндер арасындағы өзара түсіністікті қалыптастыруда және балаларды толеранттылық рухында тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Конвенцияда баланың ой, ар-ождан ботандығы және дін ботандығы құқығы айқын көрсетілуінде. Бұл ереже әр баланың өз дініне сенуге немесе сенбеуге, оны ұстануға немесе ұстанбауға құқығы бар екенін бекітеді. Мемлекеттер балалардың осы құқықтарын қорғауға міндетті. Бұл норма дінаралық диалогта балалардың дінге қатысты өз пікірін еркін білдіруін қамтамасыз етудің құқықтық негізін құрайды.

Конвенцияның 29-бабы білім берудің мақсаттарының бірі ретінде әртүрлі мәдениеттер мен нанымдарға құрметпен қарауды атап өтеді. Мұнда балаларды басқа діндерге және мәдениеттерге төзімділік пен сыйластық рухында тәрбиелеу қажеттілігі көрсетілген. Бұл дінаралық диалог үшін маңызды, себебі балаларды ерте жастан бастап толеранттылыққа үйрету қоғамда өзара түсіністікті нығайтуға ықпал етеді.

Конвенцияның 12-бабы баланың өз өміріне әсер ететін барлық мәселелер бойынша пікірін білдіру құқығын бекітеді. Бұл діни және мәдени мәселелерде де қолданылуы мүмкін. Дінаралық диалог контекстінде балалардың көзқарастары мен тәжірибелерін тыңдау, олардың мәдениеттер мен діндер арасындағы өзара құрметті дамытуға үлес қосуына мүмкіндік береді (БҰҰ, 1989).

Бала құқықтары туралы конвенция дінаралық диалогты дамытуда маңызды рөл атқарады. Ол балалардың діни құқықтарын қорғауға ғана емес, сонымен бірге болашақ ұрпақты толеранттылық пен өзара түсіністік мәдениетінде

тәрбиелеуге ықпал етеді. Бұл құжаттың ережелері дінаралық диалогты қоғамда тереңдету үшін нақты құқықтық және тәрбиелік негіз ұсынады.

БҰҰ қабылдаған құқықтық құжаттардың дінаралық диалогқа қатысын осы баптардан айқындала түседі. Дінаралық диалог әртүрлі дін өкілдері арасында бейбітшілік пен өзара түсіністікті қалыптастырудың маңызды құралына айналды. Жоғарыда атап өтілген «дінге немесе наным-сенімге негізделген төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы декларация, адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау туралы еуропалық конвенция, азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы» секілді құжаттар, дінаралық диалогқа құқықтық және этикалық негіз қалыптастырады.

Құжаттардың байланысы және дінаралық диалог үшін маңызы өте жоғары екендігі көрінеді. Бұл құжаттар бірін-бірі толықтырып, діни саладағы адам құқықтарын қорғау үшін берік құқықтық негіз қалыптастырады. Олар БҰҰ-ға мүше мемлекеттерді дінаралық қауымдастықтар арасындағы диалогты қолдау үшін құқықтық және әлеуметтік тетіктерді орнатуға бағыттайды. Мысалы: АҚЖД және АСКХП жаһандық стандарттарды белгілейді, олардың негізінде Еуропалық конвенция сияқты аймақтық құжаттар дамиды. Ал, 1981 жылғы декларация төзімсіздікті жоюдың практикалық аспектілеріне назар аударады, бұл жалпы құжаттарда бекітілген құқықтарды жүзеге асыру құралына айналады. Халықаралық құқық аясында дінаралық диалогты қолдау тек қана қақтығыстардың алдын алу құралы болып қоймай, өзара құрмет пен ынтымақтастық мәдениетін дамыту тәсілі болып табылады. Енді бұдан бөлек діни ұйымдардың халықаралық құқықтық реттелуінен басқа, мемлекеттер ішіндегі құқықтық реттелуін де зерттеуіміз аясынан тыс қалдырмауға тырысамыз.

Мемлекет пен діннің арақатынасының мемлекет ішінде құқықтық реттелуі түрлі модельдерге ие болып келеді. Әр елдің БҰҰ-ның бекіткен заңдарынан тыс, өздерінің жеке ішкі реттеуші заңдары да қарастылады. Бұл елдің қауіпсіздік қызметімен байланысты болып келеді. Осындай құқықтық реттеуші заңдар, дінаралық диалогтың орнығуына немесе іске асуына ықпалын тигізеді. Сонымен қоса БҰҰ әр түрлі мәдени және діни топтар арасындағы диалогты нығайту үшін, бірқатар маңызды бастамалар мен іс-шаралар ұйым-

дастырды. Олар: 2005 жылы құрылған Өркениеттер Альянсы БҰҰ мен Испания үкіметі бірлесіп қолдаған бастама болып табылады. Ол әлемдегі әртүрлі мәдениеттер мен өркениеттер арасындағы өзара түсіністік пен бейбітшілікті қалыптастыруға бағытталды. Осы альянс аясында өткізілетін форумдар мен конференциялар әлемдік діндер мен мәдениеттер арасындағы диалогты дамытуға, қорқыныш пен стереотиптерді жоюға және мәдениеттердің алуан түрлілігін құрметтеуге ықпал етеді (UNАОС, АҚООН, 2005).

БҰҰ жыл сайын 16 қарашада Төзімділік халықаралық күнін атап өтеді. Бұл күннің мақсаты – қоғамда мәдениетаралық диалог пен түсіністікке қолдау көрсету. Осы күні өткізілетін іс-шаралар мен тақырыптық дәрістер халықты мәдениеттер мен діндер арасындағы қарым-қатынастарды жақсартуға, төзімділік пен құрметті дамытуға бағытталған.

БҰҰ, әсіресе ЮНЕСКО арқылы, әлемде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау үшін мәдениетаралық және дінаралық білім беруді қолдайды (Исмағамбетова, Рысбекова, Балпанов, 2016: 49-54). ЮНЕСКО-ның білім беру бағдарламалары балалар мен жастар арасында өзара түсіністік пен толеранттылықты насихаттайды. Бұл бағдарламалар арқылы жастар түрлі мәдениеттер мен діндер туралы білім алып, әртүрлілікке құрмет көрсетуге үйренетіндігі баяндалады.

Диалог, негізінен ұйымдасқан сипатта орын алады. Дінаралық диалогты да іске асыру күрделі болып келеді. Дінаралық диалогты ұйымдастырып, маңызының артуы жолында, белгілі бір мемлекеттік және халықаралық ұйымның ортаға шығуын қалыптастырады. Осыған орай дінаралық диалогтың жоғары деңгейде дұрыс болуы маңызды механизмдерінен саналады.

Тарихтан, өркениеттер мен дінаралық келіспеушіліктердің көрінісінің нәтижесі қақтығыстар мен қантөгістерге алып барғаны мәлім. Бұндай үрдістің бүгінгі күнге дейін орын алып жатқаны белгілі. Осыған қарай әлем қауымдастығы өркениет пен дінаралық диалогтың түрлі үлгілерін ұйымдастыра бастады. Бұл үрдістің шеңберінде 2000 жылы желтоқсан айында ұйымдастырылған Вена қаласындағы белгілі ғылым және саясат қайраткерлерінің кездесуі, 2001 жылы тамызда Токиодағы кездесу «Өркениетаралық Зальцбург диалогы: халықаралық қатынастардың жаңа парадигмасы», 2001 жылы қарашадағы Берлинде «Мәдени саясат әлемдік міндет» атты халықаралық конференция, 2002

жылы ақпандағы Вена қаласында өткен ислам мен христиан діндері арасындағы диалог секілді т.б., халықаралық іс-шаралардың өркениетаралық және дінаралық диалогты нығайту мақсатында орын алды (Затов, Ишмаханов, Есимкулов, 2016: 189-194).

Қазақстан Республикасында дінаралық диалогты орнату мақсатында түрлі қадамдар жасалуда. Соның бірі ретінде «Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі» ұйымдастырылып, жоғары деңгейде өтті. Бұл кездесу әлемдік деңгейдегі форум, діни төзімділік пен дінаралық қатынастың бір көрінісі.

ҚР Астана қаласында әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі 3 жыл сайын өтіп тұрады. Мұндай үрдіс 2003 жылдан басталған еді, соңғы VII съездің де 2022 жылы қыркүйекте өтуі (Шағырбай, 2022: 186-187), Қазақстанды толерантты, дінаралық диалогқа мән беретіндігінің айқын көрінісі деп айтуға болады.

Дінаралық диалогты дамыту жолында діни төзімділікті қалыптастыру керек екені айқын. Осыған орай кейбір дін саласының мамандары діни төзімділік турасында былай деп өз ойын айтып өтеді: «Еркін ойшылдық, дүниетанымдық төзімділік азаматтық қоғамның атрибуттары. Бірақ төзімділік қағидатын абсолюттендіріп догмаға айналдыруға болмайды. Төзімділік бұл көнбістік емес, төзімділік қоғамдық өмірдегі маңызды қағидаттардың бірі, әрі өзгені жатырқамауды білдіреді» – дейді (Beysenov, Beysenov, 2012: 37-41). Осыған қарай өзгенің сенімін құрметтеу, діндердің діни ілімдері мен құндылықтарына түсіністікпен қарау жатқандығы түсінікті.

Енді дінаралық диалогтың орнығуында діндердің мемлекет ішіндегі құқықтық реттелуінің маңыздылығы да орасан үлкен. Мемлекет ішіндегі құқықтық реттелуі халықаралық құқықтан өзгеше келеді. Мемлекеттік құқықтық реттелу деген сөзде – мемлекеттің ресми құқығы мен саясаты жатқандығын білдіреді. Одан кейін мемлекет пен діннің қарым-қатынасы жатыр. Бұл жерде мемлекеттің белгілі бір дінге немесе діндерге бөлетін кейбір субсидиялары мен кейбіріне беретін артықшылықтарын атап өтуге болады. Батыстық зерттеушілер діндердің мемлекет ішіндегі реттелуінің де аса маңызды екенін атап өтеді. Оның мемлекеттің экономикасында да әсерінің болатындығын көрсетеді (Grim, Finke, 2006). Осымен байланысты Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің дінтану кафедрасының профессоры Нағима Жаулыбақызы, өзінің зерттеуінде: «дін кез келген мемлекеттің бөліп-жаруға келмейтін әрі қоғамға,

әлеуметтік – экономикалық дамуға өзіндік әсерін тигізетін фактор болып табылады. Мемлекет сол аумақта тұратын барлық азаматтарды біріктіруші ұйым болып табылатындықтан, сол елдің азаматтарының қызығушылықтары мен құқықтарын қорғап, қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті реттеп отыру қажет», деп келтіреді (Байтенова, Демеуова, Кокеева, 2015: 211-219).

Дінге қатысты әрбір мемлекеттің өзіндік моделі бар. Көбіне мемлекеттердің басқару модельдерінде, өздерінің бұрыннан жалғасып келе жатқан дәстүрлі діндері үлкен рөлге ие болатындығын айтып өткен жөн. Мемлекеттік басқару жүйелерін әмбебаптық түрде бөлетін болсақ, олар зайырлы, клерикалды және теократиялық деп бөлуге болады. Зайырлы деп аталса да секулярлы мемлекеттердің де мемлекет пен дін қарым-қатынасында түрлі модельдер көрінеді. Бірақ бұл әрекеттердің әрбір елдің өзіндік әлеуметтік және мәдени қауіпсіздігімен тікелей байланысты болып келеді. Мемлекеттің діндерді тіркеу барысында да, тіркелетін діндерге қойылатын талаптар әр-келкі болып келеді. Америка Құрама Штаттарында діни топтарға кездесулер мен ұйымдасуға рұқсат керек емес болса да, бірақ діни топтарды заңды тіркеуден өтуге ұмтылады. Бірақ діни конфессияларды заңды тіркеу әр штатта әртүрлі жолдармен іске асады (Durham, 2010: 3-14).

Англияда король мемлекет басшысы бола тұра, Англикан шіркеуінің билеушісі болып табылады. Сонымен қоса шіркеудегі епископтарды тағайындайды және кейбір шіркеу заңдарын қабылдайды. Эльзастағы католиктік шіркеудің епископтарын Франция мемлекетінің президенті тағайындайды. Ал, Түркия елінде Диянет (діни басқарма) имамдарды тағайындайды, әрі мемлекетке және әскерге құрмет көрсетуді діни міндет ретінде бекітеді. Бірақ имамдарды тағайындау басқа мемлекеттерде де кездеседі, онымен Түркия радикалды имамдардың тағайындалуының алдын алып отыр (Nieuwenhuis, 2012: 153-174). Алайда секулярлы мемлекеттердің бұндай қадамдарға барып отырғандығы әрине оғаш көрінеді. Мемлекет пен дін бөлінген елдер, халқының әлеуметтік өмірі мен мәдениетін сақтау негізінде түрлі қадамдарға барғандығы және осы негізде түрлі басқару модельдерін кездестіреміз.

Қорытынды

Мақалада көрсетілгендей, дінаралық диалог халықаралық және ұлттық деңгейде бейбітшілік пен өзара түсіністікті нығайтудағы маңызды

құрал болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымы қабылдаған құқықтық құжаттар, оның ішінде Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт, Еуропалық конвенция, Дінге немесе нанымға негізделген төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы декларация, діни еркіндік пен төзімділікті қамтамаусыз етудің негізі болып табылады.

Қазіргі қоғамдағы діни әртүрлілік жағдайында конфессияаралық қарым-қатынастарды тиімді реттеу үшін халықаралық стандарттарды қабылдау мен іске асыру маңызды. Қазақстандағы дінаралық диалогтың сәтті тәжірибесі (мысалы, *Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съездері*) дінаралық бейбітшілікті нығайтудың үлгісі болып табылады.

Дінаралық диалогты дамыту мемлекеттердің зайырлылық және бейтараптық қағидаттарын

сақтай отырып, діни және мәдени көптүрлілікті құрметтеуге және осының аясында түрлі дінаралық қақтығыстардың алдын алуға, болдырмауға негізделуі тиіс. Бұл құжаттардың тәжірибелік іске асырылуы және мемлекеттер арасындағы үйлесімділікке бағытталған диалогтық алаңдарды құру, әлемдік және мемлекет ішіндегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуда маңызды рөл атқарады.

АЛҒЫС

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырған (Грант нөмірі: AP25796507. Діни экстремизм идеологиясының ықпалына түскен адамдардың постпенитенциарлық кезеңдегі Қазақстан қоғамына реинтеграциясы).

Әдебиеттер

- Beysenov, B., & Beysenov, T. (2012). Общечеловеческие ценности основа межрелигиозного диалога. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 39(2), 37–41.
- Durham Jr, W. C. (2010). Legal status of religious organizations: A comparative overview. *The Review of Faith & International Affairs*, 8(2), 3–14.
- Grim, B. J., & Finke, R. (2006). International religion indexes: Government regulation, government favoritism, and social regulation of religion. *Interdisciplinary journal of Research on Religion*, 2. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/25484633/>
- Nieuwenhuis, A. J. (2012). State and religion, a multidimensional relationship: Some comparative law remarks. *International Journal of Constitutional Law*, 10(1), 153–174.
- Rysbekova, S., & Duysenbaeva, A. (2018). Дінаралық қатынастар: мәні мен мазмұны. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 66(4), 31–38.
- Sazonova, L. (2010). The role of interfaith dialogue in the process of protection and implementation of Human Rights. *Journal for the Study of Religions and Ideologies*, 3(7), 170–181.
- УНАОС (2005). Альянс цивилизаций организации объединенных наций. Кто мы – Альянс цивилизаций Организации Объединенных Наций (АЦООН)
- Байтенова, Н. Ж., Демеева, А. А., & Кокеева, Д. М. (2015). Роль религии в современном Казахстане. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 50(1), 211–219.
- Борисов, К. Г. (2021). Понятие и содержание права религиозных конфессий и его международно-правовые основы. *Московский журнал международного права*, (4), 268–274.
- БҰҰ (1948). Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. 217 А (III) қарарымен БҰҰ Бас Ассамблеясы. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml
- БҰҰ (1966). Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт. Бас 2200 А (XXI) қарары, Ассамблея. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml
- БҰҰ (1981). Дінге немесе нанымға негізделген төзімсіздік пен кемсітушіліктің барлық түрлерін жою туралы декларация. Қабылданды 36/55 қаулысымен Бас Ассамблея.. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/relintol.shtml
- БҰҰ (1989). Бала құқықтары туралы конвенция. Қабылданды 44/25 қаулысымен Бас Ассамблея. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml
- Дорская А.А. (2016). Правовая традиция обращения международных религиозных организаций к вопросам международного гуманитарного права. *Вестник Академии права и управления*, 1(42), 19–23.
- Затов, Қ. А., Ишмаханов, Ж., & Есимкулов, Е. (2016). Межрелигиозный диалог в Казахстане [Inter-religious dialogue in Kazakhstan]. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 58(4), 189–194.
- Исмағамбетова, З. Н., Рысбекова, Ш. С., & Балпанов, Н. (2016). Пути формирования толерантности. *Вестник КазНУ. Серия философии, культурологии и политологии*, 57(3), 49–54.
- Компас (2010). Конвенция о защите прав человека и основных свобод. г. Рим, 4.XI.1950 г. <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols>

Мельник, С. В. (2020). Дипломатический межрелигиозный диалог. *Миссия конфессий*, 9(2), 217–227.

Шағырбай, А. (2022). Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің VII съезі. *Адам әлемі*, 93(3), 186–187. <https://doi.org/10.48010/aa.v93i3.321>

References

Bajtenova, N. Zh., Demeuova, A. A., & Kokeeva, D. M. (2015). Rol' religii v sovremennom Kazahstane [The role of religion in modern Kazakhstan]. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 50(1). (in Russian)

Beysenov, B., & Beysenov, T. (2012). Obshchechelovecheskie cennosti osnova mezhreligioznogo dialoga [Universal human values is basis of interreligious dialogue]. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 39(2), 37–41. (in Russian)

Borisov, K. G. (2021). Ponyatie i sodержanie prava religioznykh konfessij i ego mezhdunarodno-pravovye osnovy [The concept and content of the law of religious denominations and its international legal foundations]. *Moskovskii zhurnal mezhdunarodnogo prava*, (4), 268–274. (in Russian)

BUU (1981) Dinge nemesse nanynga negizdelgen tozimsizdik pen kemsitushiliktin barlyk turlerin zhoyu turaly deklaraciya [Declaration on the elimination of all forms of intolerance and discrimination based on religion or belief]. *Қабылданды 36/55 каулысымен Бас Ассамблея..* https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/relintol.shtml (in Kazkh)

BUU (1989) Bala kuckyktary turaly konvenciya [Convention on the rights of the child]. *Қабылданды 44/25 каулысымен Бас Ассамблея.* https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/childcon.shtml (in Kazakh)

BUU (1948) Adam kuckyktarynyn zhalpyga birdei deklaraciya [The universal declaration of human rights]. 217 A (III) kararymen BYY Bas Assambleyasyny. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/declarations/declhr.shtml (in Kazakh)

BUU (1966) Azamattyq zhane sayasi Kuckyktar turaly halykaralyk pakt [International covenant on civil and political rights]. Bas 2200 A (HKHI) karary, Assambleya. https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/pactpol.shtml (in Kazakh)

Dorskaya A.A. (2016). Pravovaya tradiciya obrashcheniya mezhdunarodnykh religioznykh organizatsii k voprosam mezhdunarodnogo gumanitarnogo prava [The legal tradition of international religious organizations handling to the matters of international humanitarian law]. *Vestnik Akademii prava i upravleniya*, 1(42), 19–23.

Durham Jr, W. C. (2010). Legal status of religious organizations: A comparative overview. *The Review of Faith & International Affairs*, 8(2), 3–14.

Grim, B. J., & Finke, R. (2006). International religion indexes: Government regulation, government favoritism, and social regulation of religion. *Interdisciplinary journal of Research on Religion*, 2. <https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/25484633/>

Ismagambetova, Z. N., Rysbekova, SH. S., & Balpanov, N. (2016). Puti formirovaniya tolerantnosti [Ways of formation of tolerance]. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 57(3), 49–54. (in Russian)

Kompas, (2010) Konvenciya o zashchite prav cheloveka i osnovnykh svobod [The european convention on human rights and its protocols]. g. Rim, 4. HI. 1950 g. <https://www.coe.int/ru/web/compass/the-european-convention-on-human-rights-and-its-protocols> (in Russian)

Mel'nik, S. V. (2020). Diplomaticheskii mezhreligiozniy dialog [Diplomatic Interreligious Dialogue]. *Missiya konfessii*, 9(2), 217–227. (in Russian)

Nieuwenhuis, A. J. (2012). State and religion, a multidimensional relationship: Some comparative law remarks. *International Journal of Constitutional Law*, 10(1), 153–174.

Rysbekova, S., & Duysenbaeva, A. (2018). Dinaralyk katynastar: mani men mazmyny [Interreligious relations: essence and content]. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 66(4), 31–38. (in Kazakh)

Sazonova, L. (2010). The role of interfaith dialogue in the process of protection and implementation of Human Rights. *Journal for the Study of Religions and Ideologies*, 3(7), 170–181.

Shagyrbai, A. (2022). Alemdik zhane dastyrlı dinder liderlerinin VII sezi [7th Congress Leaders of World and Traditional Religions]. *Адам әлемі*, 93(3), 186–187. <https://doi.org/10.48010/aa.v93i3.321> (in Kazakh)

UNAOC, Al'yans civilizatsii Organizatsii Obedinennykh Natsii [United Nations Alliance of Civilizations]. Kto my – Al'yans civilizatsii Organizatsii Obedinennykh Natsii (ACOON)

Zatov, K. A., Ishmahanov, Zh., & Esimkulov, E. (2016). Mezhreligiozniy dialog v Kazahstane [Inter-religious dialogue in Kazakhstan]. *Vestnik KazNU. Seriya filosofii, kul'turologii i politologii*, 58(4), 189–194. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Абдуллаев Нұржан Қыдырбайұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының PhD докторанты (Алматы, Қазақстан, e-mail: nurzhan_kudyrali1985@mail.ru).

Сәрсембаев Руслан Мейіржанұлы (корреспондент-автор) – PhD, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті философия және саясаттану факультеті дінтану және мәдениеттану кафедрасының аға оқытушысы (Алматы, Қазақстан, e-mail: rus_tk007@mail.ru).

Бичер Рамазан – Сакария университеті теология факультеті Ислам негіздері кафедрасының профессоры (Адапазари, Түркия, e-mail: rbicer@sakarya.edu.tr).

Information about authors:

Abdullayev Nurzhan Qydyrbaiuly – PhD student of the Department of Religious Studies and Cultural Studies of the Faculty of Philosophy and Political Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: nurzhan_kydyrali1985@mail.ru).

Sarsembayev Ruslan Meyirzhanuly (corresponding author) – PhD, Senior Lecturer at the Department of Religious Studies and Cultural Studies, Faculty of Philosophy and Political Science, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: rus_tk007@mail.ru).

Bicer Ramazan – Professor at the Department of Basic Islamic Sciences of the Faculty of Theology, Sakarya University (Adapazarı, Turkey, e-mail: rbicer@sakarya.edu.tr).

Информация об авторах:

Абдуллаев Нуржан Кыдырбайұлы – PhD докторант кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: nurzhan_kydyrali1985@mail.ru);

Сарсембаев Руслан Мейіржанұлы (автор-корреспондент) – PhD, старший преподаватель кафедры религиоведения и культурологии факультета философии и политологии Казахского национального университета имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: rus_tk007@mail.ru);

Бичер Рамазан – профессор кафедры основ ислама теологического факультета Университета Сакарья (Адапазары, Турция, e-mail: rbicer@sakarya.edu.tr).

*16 қаңтар 2025 жылы тіркелді
20 қыркүйек 2025 жылы қабылданды*